

Тіркелген салық ставкасының мөлшерін бекіту туралы

Күші жойғал

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 2 наурыздағы N 10-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда N 7-9-79 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 22 қазандағы N 14-5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2009.10.22 N 14-5 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын, "Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 422 бабын басшылыққа алып аудандық мәслихат сессиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тіркелген салық ставкасы мына мөлшерде бекітілсін:

1) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтғыссыз ойын автоматы - 1 273 теңге;

2) біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтғыссыз ойын автоматы – 2 546 теңге;

3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер - 1 273 теңге;

4) ойын жолы - 6 365 теңге;

5) карт - 3 819 теңге;

6) бильярд үстелі - 3 819 теңге.

2. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

М.Дошанова

Т.Сагинов